



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 26 қыркүйек

Nazarbayev University жоғары бизнес мектебінде Қаржы жөніндегі ғылымдар магистрі (MSF) бағдарламасының ашылуы туралы



Бүгін Nazarbayev University-де Қаржы жөніндегі ғылымдар магистрі (MSF) бағдарламасының ашылу рәсімі өтті, оны Nazarbayev University Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп әзірлеген болатын.

Бағдарлама бойынша студенттер 14 ай бойы күндізгі бөлімде оқитын болады. Оқыту бағдарламасы қаржы-техникалық аспект пен эконометрикаға бейімдей отырып оқытады деп жоспарлануда. Қарқынды оқу кестесінде 2 резиденция бар: жергілікті – Ұлттық Банк базасында және халықаралық – әлемнің қаржы орталықтарының бірінде. Бірінші жылы бағдарлама бойынша оқу үшін 101 өтініш келіп түсті, іріктеу нәтижесі бойынша 34 адам оқуға қабылданды. 2017 жылғы қазанның соңында келесі академиялық жылға жаңадан студенттер қабылдау басталады. Оқу аяқталған соң магистранттарға Master of Science in Finance дәрежесі беріледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Nazarbayev University жоғары бизнес мектебінде Қаржы жөніндегі ғылымдар магистрі бағдарламасының ашылуына қатысып, Nazarbayev University студенттерінің алдында сөз сөйледі.

Ол орталық банктердің негізгі функциялары мен қызметінің бағыттары туралы, сондай-ақ ақша-кредит саясатының орталық банктер пайдаланатын түрлі режимдері туралы айтып берді.

Сөз сөйлеу кезінде Д. Ақышев еліміздің қаржы секторының дамуы аясында білікті мамандарға деген қажеттіліктің жоғары екендігін атап өтті.

«Қаржы жөніндегі ғылымдар магистрі бағдарламасының түлектеріне деген сұраныс Ұлттық Банкте ғана емес, екінші деңгейдегі банктерде, аудиторлық және консалтингтік компанияларда және басқа да бизнес-құрылымдарда болады», – деп атап өтті Ұлттық Банк басшысы.

Назарбаев Университеті жоғары бизнес мектебінің директоры Әсел Увалиеваның айтуынша, 2016 жылдың басында Назарбаев Университеті мен Ұлттық Банк ынтымақтастығының одан арғы перспективаларын талқылау барысында еліміздің заманауи жоғарғы оқу орындарының бірінде өзіміздің қаржыгерлер мектебін құру жоспары пайда болды. «Қазақстан қаржы секторының дамушы күші бола алатын, қаржы саласындағы жас білікті мамандарды дайындау үшін сапалы, кәсіби бағдарламаны іске қосу туралы шешім қабылданды», – деп хабарлады ол.

Бағдарламаның Академиялық директоры Марек Йохецтің пікірінше, елдің табысты болуы экономикалық факторлармен айқындалады. «Жобаларды қаржылық тұрғыдан талдап, инвестициялар үшін қолжетімді ақшаны нашар жобаларға емес, жақсы жобаларға бағыттай алудың жергілікті болсын, халықаралық болсын кез келген компанияның табысты болуы үшін маңызы зор, оның үстіне оқыту тек ағылшын тілінде ғана жүргізіледі», – деп атап өтті М. Йохец.

«Бағдарламаның жақсы түлегі талдамалық, сандық тұрғыдан білімі, қаржылық модельдеу, дерекқорды пайдалану, Bloomberg дағдылары сияқты дағдылары мен құралдары, сондай-ақ адамдарды дұрыс шешім қабылдауға сендіре алатын дағдылары болады», – деді бағдарлама директоры.

Анықтама үшін: Назарбаев Университеті жоғары бизнес мектебінің негізі Дьюк Университеті Фукуа Бизнес Мектебімен (АҚШ) стратегиялық әріптестік шеңберінде 2012 жылы қаланды. Бүгінгі күні бизнес мектепте бизнесті жүргізудің жергілікті талаптарына бейімделген, әлемдік деңгейдегі сапалы білім алуға болады. Мектеп MBA (Іскерлік әкімшілік магистрі), Қаржы жөніндегі ғылымдар магистрі дәрежесін алуға, сондай-ақ қысқа мерзімді бағдарламалар бойынша оқуға мүмкіндік береді.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz